

**Мектеп түлектерінің Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) бойынша
кейінгі**

**үш жылғы қорытындыларына салыстырмалы талдау,
ҰБТ – ге дайындық шаралары туралы**

2022/2023 оқу жылында 11 сыныпты бітіруші түлектер саны – 24 оқушы. ҰБТ – ге қатысқан оқушылар саны – 20. Жалпы орташа балл – 79,36-ны құрады. 100 балдан жоғары жинаған оқушылар саны – 2. Оқу жылы бойынша 24 оқушының барлығы оқу орындарына орналасты. Жоғары оқу орнына түскен оқушылар саны -20, оның ішінде 16 оқушы мемлекеттік грантты иеленді және 4 оқушы арнаулы оқу орнына оқуға түсіп, 3-еуі колледж грантын иеленді.

2023/2024 оқу жылында мектеп бітіруші түлектер саны – 14 оқушы. ҰБТ-ге қатысқаны - 10 оқушы. Жалпы орташа балл – 81 балл. 100 балдан жоғары жинаған оқушылар саны -3-еу. Оқушылардың орналасуы бойынша – 14 оқушының барлығы оқу орындарына орналасты. Жоғары оқу орнына түскен оқушылар саны - 9, оның ішінде 7 оқушы мемлекеттік грантты иеленді және 6 оқушы арнаулы оқу орнына оқуға түсіп, 4-еуі колледж грантын иеленді.

2024/2025 оқу жылында 11 сыныпты бітіруші түлектер саны – 11 оқушы. ҰБТ – ге қатысқан оқушылар саны – 7. Жалпы орташа балл – 83,81 - ді құрады. 100 балдан жоғары жинаған оқушылар саны – 2. Оқу жылы бойынша 11 оқушының жоғары оқу орнына түскен оқушылар саны - 7, оның ішінде 6 оқушы мемлекеттік грантты иеленді және 4 оқушы арнаулы оқу орнына оқуға түсіп, 3-еуі колледж грантын иеленді.

	2022/2023	2023/2024	2024/2025
Түлектер саны	24	14	11
ҰБТ қатысқан оқушылардың саны және пайызы	20(83,36%)	10(71,47%)	7(70%)
Орташа балл	79,36	81	83,81
100 баллдан жоғары жинаған оқушыларды саны	2	3	2

Оқу жылы	11 сынып оқушылар саны	ЖОО оқуға түскен оқушылар саны	ЖОО грант иеленген оқушылар саны	Колледжге оқуға түскен оқушылар саны	Колледжге грантын иеленген оқушылар саны	Еш жерге орналаспаған оқушылар саны
2022/2023	24	20	16	4	3	
2023/2024	14	9	7	6	4	
2024/2025	11	7	6	4	3	

- 2022/2023 оқу жылында «Үздік аттестат» иегерлер саны – 2;
- 2023/2024 оқу жылында «Үздік аттестат» иегерлер саны – 2;
- 2024/2025 оқу жылында «Үздік аттестат» иегерлер саны – 2;

Соңғы үш оқу жылының қорытындысы бойынша барлық «Алтын белгі» және «Үздік аттестат» иегерлері мемлекеттік грант иеленіп, жоғары оқу орындарында білім алып жатыр.

ҰБТ – ге дайындық шаралары негізінде мектепішілік жоспар жасалынған. Оқушыларды ҰБТ – ге дайындау мақсатында қосымша кесте жасалынып, пән мұғалімдері қосымша сабақтар жүргізуде. Оқушылардан айына 3-4 рет сынама тест алынып, сараптама жасалды. Оқушылардан алынған сынама тест қорытындысы бойынша жалпы орташа балда өсу прогрессі бар. Сынама тестілеу жұмыстарының қорытындысы педагогикалық және директор жанындағы кеңесте талқыланып, үнемі мектепішілік бақылауда мониторинг жүргізіледі.

11 сынып оқушыларымен үздіксіз кәсіби бағдар беру жұмыстар жүргізіліп келеді. Мектеп бітіруші түлектер үшін мектепішілік, арналуы оқу орындарының мамандары және жоғары оқу орындарының ұстаздары келіп, кәсіптік бағдар береді. Сонымен қатар, Қорқыт – Ата университеті басшылығымен меморандум жасалынып, оқушыларға және ата – аналарға кездесу кештері ұйымтасрылып, профориентация беріліп отырады.

Ұлттық бірыңғай тестілеудің үш жылдық нәтижесі

№	Оқу жылы	Бітіруші саны	қатысу	Орташа балл	Оқу сауаттылығы	Математика сауаттылығы	Қазақстан тарихы	Таңдау пәндер 1	Таңдау пәндер 2
1	2022/2023	24	20	79.36	8.6	7.3	17.6	22.6	21.7
2	2023/2024	14	9	81	8.9	7.6	18.5	24.8	23.7
3	2024/2025	11	7	83.81	8	7.3	18.9	26.6	25.7

